

Түркістан облысы

Қазығұрт ауданы

«Жігерген» бөбекжай балабақшасы

АЛТЫН КҮЗ

«Жұлдыздар» ересек тобы

Тәрбиешілер: Ақбергенова Ф.

Рүстемова А.

2023-2024 оқу жылы

Музыка ойнап, зал әсем безендірілген, қонақтар жайғасқан.

Жүргізуші: -Қарсы алайық бәріміз,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күз бізге нұр төгіп.

-Армысыздар, ұстаздар мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! «Алтын күз-2023» атты мерекемізге қош келіпсіздер! Ендеше ортаға «Бәйшешек» ересек тобын шақыруға рұқсат етіңіздер!

(Балалар қолдарына жапырақ ұстап, музыка ырғағымен билеп ортаға шығады, билеп болған соң жапырақтарын шашып кетеді)

Аула сыпырушы:

Мәссаған, мынаны қара:

Жапырақтар шашылыпты!

Сыпырғымды алайын мен,

Жинайын қайта жапырақтарды.

Мен сыпырамын, сыпырамын,

Жапырақтарды жинаймын.

Жолдың бәрін сыпырдым,

Ох, мен қатты шаршадым!

(Аула сыпырушы томарға отырады да, ұйықтап қалады, сол кезде бала жел жүгіріп шығып жапырақтарды қайта шашады. Сол кезде аула сыпырушы оянады).

Аула сыпырушы: -Ах, неткен сотқар жапырақтар, менің сыпырған жапырақтарымның бәрін жел соғып шашып кетіпті.

(Осы кезде ортаға Күз ханшайым келеді).

Күз ханшайым: -Сәлеметсіңдерме балалар, сәлеметсізбе аула сыпырушы апай! Сіз неге көңілсізсіз?

Аула сыпырушы: Сәлеметсіңбе Күз ханшайымы, балалар балабақшаның ауласына жапырақтарды шашып кетіпті, жел келіп жинаған жапырақтарымды шашып кетіпті, соны жинаймын деп шаршап отырған жайым бар.

Күз ханшайымы: Балалар, балабақшаның ауласын шашуға болмайды, аула сыпырушы апай сендерге қатты ренжіпті. Аула сыпырушы апайдың көңілін көтерімізбе? (Балалар жауап береді)

Күз ханшайым: Олай болса өнерлеріңді көрсетіңдер! КЕліңіз аула сыпырушы апай төрлетіңіз!

Тақпақтар:

Айбар: Сап-сары маңай,

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Дияс: Мен жүзіммін, жүзіммін,

Моншақ болып тізілдім.

Думан: Мен алмамын, алмамын,

Таңдай татар бал дәмім.

Бақжан: Жел тынымсыз гүілдеп,

Болып кетті тым бұзық.

Шуылдайды тал, терек,

Жапырағын жұлғызып.

Райымбек: Жапырақ ұшты;

Суықта түсті.

Сонда да бізге,

Қызық көп күзде.

Жеміс жинау салтымыз.

Жиып-теріп болған соң,

Той жасайды халқымыз.

Би: «Қолшатыр ұстаған, қуыршақтар»

Сезім: Алақай, алақай!

Шаттанды балақай!

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Іңкәр: Қамба толды астыққа,

Алғыс саған алтын күз.

Бір уыс дән шаштықта,

Қап-қап қауын алдық біз.

Еркеназ: Қамба толды астыққа,

Алғыс саған алтын күз.

Бір уыс дән шаштықта,

Қап-қап қауын алдық біз.

Айым: Көрініп еліме,

Күндері мереке.

Келді ғой жеріме,

Күз дейтін мереке.

Гүлзат: Қарашы күз келді, күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

Біздің дала бай дала,

Алтын астық айнала.

Төренұр: Бүгін мейрам, бүгін той,

Қуаныш күн біліп қой.

Күзгі бақтай сыңғырлап,

Алақанды соғып қой.

Ибраһим: Күз келді, күз келді,

Көкте бұлттар жүзді енді.

Салауат: Мен шиемін, шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Ән: «Күзгі жаңбыр» Балалар хормен айтады.

Күз ханшайым: Ой, жарайсыңдар, балалар! Сендер өте өнерлі екенсіңдер. Мен сендерге риза болдым. Балалар мен сендерге құр қол келгенім жоқ, базарлық алып келдім! (Күз ханшайымы балаларға әкелген алмасын таратады)

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, қонақтар «Алтын күз-2023» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар!

